

Егемен Қазақстан

Егемен.kz

Ядролық қару деректері неге құпия?



Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін басталған ядролық қару иелену жанталасы қазір бақталасқа ұласып кетті. Сол бәсекеде үстем шыққан атом бомбасын жасап, ядролық оқтұмсықтардың санын көбейтуге ұмтылды. Бастапқыда бұл жойқын қару тек қарсыластың әкімшілік және әскери-өндірістік орталықтарын, ірі әскери-теңіз және авиациялық базаларын жоюға арналғанымен, қазір ол тіршілік атаулыны тып-типыл ететін қуатқа ие.

Алыптар арпалысы

Негізі ядролық қаруы бар мемлекеттер санаулы. Стокгольм әлем проблемаларын зерттеу институтының (SIPRI) баяндамасына көз жүгіртіп қарайтын болсақ, 2019 жылдың басында тоғыз мемлекетте – АҚШ, Ресей, Ұлыбритания, Франция, Қытай, Үндістан, Пәкістан, Израиль және Солтүстік Кореяның иелігінде шамамен 13 865 бірлік ядролық қару болған. Баяндамада ядролық қару саны өткен жылдардан азайғаны және бұл прогресс әлемдегі атом бомбаларының 90 пайызына иелік етіп отырған АҚШ пен Ресейдің есебінен жүзеге асқаны атап көрсетілген.

Бұл жанталаса қарулану көңілдегі күптілікті азайтқанымен, мәселенің екінші жағы үрей шақырады. Өйткені бәсекелес екі алып держава – АҚШ пен Ресей ядролық оқтұмсықтарды, ядролық қару өндірісі нысандарын, зымыран және әуемен жеткізу жүйесін жаңғыртуға бағытталған көлемді және қымбат бағдарламаларын жарыса жүзеге асыруда.

Оған қоса, 2021 жылы бұл тараптардың стратегиялық шабуылдау қаруларының санын қысқарту және шектеу туралы келісімінің мерзімі аяқталады. Қазір екі елдің мүдделі органдары келісім мерзімін созу немесе жаңа шарт жасау мәселелерін талқылап жатыр.

Осы орайда SIPRI-дің ядролық қарусыздану бағдарламасының директоры Шеннон Кайл: «Ресей мен АҚШ арасындағы ядролық күштерді қысқарту жөніндегі келісім мерзімінің ұзаруына сенім азайып барады. Өйткені екі елдің арасындағы саяси және әскери қайшылықтар ушығып кетті», деді.

Түптеп келгенде, бүгінде әлемдік деңгейде осы ядролық қарудың мәні өзгеріп кеткендей әсер қалдырады. Қазір ядролық қаруы бар мемлекеттің қай-қайсысы да өзге елге бомба тастау жауапкершілігін де көтермесі анық. Сонда да ядролық қару қарсыластарына саяси-экономикалық қысым көрсету, ызғарлану мен айбат шегу құралына айналып кетті десе болады. Екінші жағынан әлемдегі саяси, әскери тепе-теңдіктің сақталуына да ядролық қарудың оң әсері барын жоққа шығаруға болмайды.

Әрине, кезінде БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің столын туфлимен сабалап, қоқан-лоққы көрсетті делінетін Никита Хрущевтің заманы өтті. Бірақ сол социалистік идеяны ұстанатын Солтүстік Корея басшысы Ким Чен Ын ара-тұра ниеттес атасының жолын қуып, әлемдік әскери-саяси жүйені сілкілеп алып тұрады. Мысалы, 25 шілде күні Ким Чен Ынның армиясы Жапон теңізіне қарай қысқа қашықтыққа ұшатын зымыран атты деген дерек пайда болып, Жапония мен Оңтүстік Корея әскері өре түрегелді.

«Ядролық қару жоқ, бірақ оны қолданамыз»

Халықаралық қоғамдастық ядролық қарулану мәселесінде Қытайдың белсенділігі арта түскеніне едәуір қобалжулы. Өткен айда Жапонияның Осака қаласында G20 саммитінің аясында Ақ үй мен Кремль қожайындары – Дональд Трамп пен Владимир Путин қарулануды бақылаудың заманауи үлгілерін қолдануға байланысты келіссөздерді жалғастыра беру бойынша пәтуаға келгенімен, Америка президенті бұл мәселеге Қытай

тарапын қатыстыру керектігін айтты. Негізі АҚШ пен Ресейдің Орта және қысқа қашықтықтағы зымырандарды жою келісімінен шығып, келіссөздердің күйреуіне бұл келісімге Қытай жағының қатыспауы да себеп ретінде айтылған болатын.

Халықаралық сарапшылардың пайымдауынша, Қытайдың 1964 жылы қабылдаған ядролық доктринасында қазір айтарлықтай өзгеріс жоқ. Бірақ соңғы 20 жылда, тіпті кейбір сарапшылар Қытай билігінің басына Си Цзиньпин келгелі бұл елдің ядролық қаруға ықыласы ерекше ауғанын айтып отыр. Бүгінде Қытайда болжамды есептеулер бойынша 290 ядролық оқтұмсық бар екен. Осыдан оншақты жыл бұрын оның саны екі есе аз болған.

Бұл жөнінде Американың «Тынық мұхит форумы» зерттеу орталығының ядролық саясат бөлімінің директоры Дэвид Сантороның мақаласында: «Қазір Қытайдың ядролық зарядтарды тасымалдаудағы түрлі қалыптағы, мобильді, икемді және тиімді жүйесінің жедел жаңғыртылып, аясы кеңейе түскені алаңдатады» деген пікір айтылған.

Жалпы, Қытайдың бұл саланы жаңғыртудағы амалдары мен жетістіктері халықаралық сарапшылардың ұйқысын қашырып отырғаны да рас. Өйткені халықаралық қоғамдастық Қытай тарапы қаруларын әбден жетілдіріп, ядролық оқтұмсықтарының санын қажетінше көбейтіп, әбден кемеліне келген соң өзгелерге саяси-экономикалық, әскери күш көрсетеді деп алаңдайды.

Ядролық держава санатындағы Үндістан пен Пәкістан өздерінің кейбір ядролық сынақтары туралы там-тұмдап мәлімет бергенімен, арсеналдарының жағдайы мен көлемі туралы жақ ашпайды. Бірақ халықаралық қоғамдастық та жауға айналған бұл екі елдегі ядролық қару саны көбейіп келе жатқанын іштей сезеді. Сонымен қатар Пәкістанның ішкі саяси тұрақсыздығы, этникалық қақтығыстар, экономикалық дағдарыс, оның ішінде байлар мен кедейлер арасының алшақтап кетуі қарулы қақтығыстарға ұласып кетсе, ядролық қару арсеналы терроршылар, басқа да арам ниетті топтардың қолына түсіп кетер ме деген қауіп бар.

Мұндай құпия саясатты Израиль де қатаң ұстанып келеді. Халықаралық ұйымдар, оның ішінде SIPRI-дің өзі израилдықтардан ақпарат алудан күдерін үзген. Негізі Израиль билігі өздерінде ядролық қару барын айтқан да емес, жоққа да шығарған кезі жоқ. Міне, осы құпиялық небір күдікті ойларға жетелей түседі. Осы ретте 1969-1974 жылдары Израильдің премьер министрі болған Голда Меирдің мына сөзі көп жайтты аңғартса керек: «Бізде ядролық қару жоқ, бірақ қажет болса, оны қолданамыз».

1985 жылы Израильдің ядролық арсеналы жайында алғаш рет құпия мәліметтерді шетелде жүріп жария еткен Израиль зерттеу орталығының бұрынғы қызметкері Мордехай Ванунуды Израильдің арнаулы қызметі елге ұрлап әкеліп, 1986 жылы сотталып кеткен еді. Мемлекетке сатқындық жасады деген айыппен кінәлі деп танылған М.Вануну түрмеден тек 2004 жылы ғана босап шықты.

Қазірдің өзінде ядролық державаларда дәл осындай сыртқы және ішкі майдан, арпалыстардың жүріп жатқанына ешқандай күмән жоқ.

Серік ӘБДІБЕК